Жаңа 2018 жыл құтты болсын!

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№37 (1671)
26 желтоқсан
2017 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

**Ғалым МҰТАНОВ,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры**

***Құрметті әріптестер, оқытушылар мен студенттер!***
***Баршаңызды келе жатқан жаңа 2018 жылмен шын жүректен құттықтаймын!***

Елімізде ғана емес, Орталық Азияда теңдессіз көшбасшы университет болып табылатын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы тарих қойнауына сырғып бара жатқан 2017 жылды нәтижелі аяқтады. Өткен жыл аса ауқымды шара – ЭКСПО-2017 дүниежүзілік көрмесі күндерімен ерекшеленді. ҚазҰУ ғалымдары да әлемдік көрмеге өз жобаларын ұсынғандығы баршаңызға аян.

Университетіміз үшін 2017 жылдың жарқын жетістіктерінің бірі – World University Rankings QS беделді рейтинг агенттігінің зерттеуі бойынша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 236-орында тұрақтап, әлемнің ең үздік 250 жоғары оқу орнының қатарынан табылуы. Бұл ҚазҰУ-дың бәсекеге қабілеттілігінің, халықаралық деңгейдегі беделінің айқын дәлелі. Сондай-ақ, ұлттық рейтинг бойынша университет жыл сайын көш басында. Биыл төрт мыңнан астам мектеп түлектері ҚазҰУ-да білім алу грантын жеңіп алды, олардың көбі – «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиада жеңімпаздары. Қазақстандық жоғары білім беру тарихында ешқандай оқу орны бұрын-соңды мұндай нәтижеге қол жеткізбегені белгілі. Университеттің көпқырлы қызметіндегі өзге де табыстары толайым.

Бұл үздік нәтижеге бағытталған басқару жүйесі мен қазіргі талаптарға сай құрылымдық жетілдіру, жоғары халықаралық стандарттарға негізделген білім беру бағдарламалары, белсенді халықаралық ғылыми және академиялық байланыстар мен іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі деп білемін. ҚазҰУ-да білім, ғылым және өндірісті ықпалдастыруға негізделген әлемдік деңгейдегі заманауи зерттеу жүйесі айқындалған жоғары оқу орнына айналу бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Күнтізбелік жыл санау бойынша келіп жеткен 2018 жыл да баршамыз үшін елеулі жыл болғай. Жаңа істің, тың ізденістер мен жобалардың бастауындай қабылданатын Жаңа жыл бәрімізге зор табыс әкелсін. Университетіміздің жетістіктерін еселеп, жаңа белестерді бірге бағындыруға шақырамын.

Қадірменді ҚазҰУ ұжымы! Университетіміздің әрбір жетістігі сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен жалынды ынта-жігерлеріңіздің арқасында орындалып жатқандығын ерекше атап өткім келеді. Біздің басты байлығымыз – ұжымдағы ынтымақ, береке, кәсіби біліктілік екендігі анық. Келе жатқан Жаңа жыл барлығымыздың отбасымызға берекелі жыл болсын! Баршаңызға зор денсаулық, амандық, мол табыстар тілеймін!

## Қазыналы қариялар бас қосты

**ҚазҰУ-да дәстүрге айналған Ақсақалдар кеңесінің қорытынды кеңесі өтіп, онда университеттің ғылыми, оқу, қоғамдық жұмыстары талқыға салынды.**

ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев өтіп бара жатқан 2017 жылда атқарылған жұмыстар туралы баяндап, қазақстандық жоғары оқу орнының тағы бір танымал жаһандық «UI Green Metric Ranking of World Universities – 2017» рейтингіндегі көшбасшылық орнының нығая түскендігін атап айтты. Аталған рейтингте 13 позицияға ілгерілеп, ҚазҰУ 186-орынға көтерілді және әлемнің 200-топ «жасыл» университеті қатарына кірген қазақстандық жалғыз оқу орны болып отыр. Бұған дейін ҚазҰУ атақты «Great Value Colleges» халықаралық ұйымының зерттеулері нәтижесінде 31-орынды иеленіп, әлемнің технологиялық жағынан ең дамыған 50 университетінің қатарына енген болатын. Онда ҚазҰУ ТМД бойынша қатысушы елдер арасында ғана емес, Шығыс және Орталық Европаның жалғыз өкілі болып, тұтас Азия континентінен Сингапур және Жапониямен қатар қатысты. Айта кетерлігі, қазақстандық жоғары оқу орнының жаһандық QS World University рейтингте ҚазҰУ 5 жыл ішінде 350 орынға алға жылжып, Орталық Азия мен Қазақстан ЖОО-лары арасында алғашқы болып әлемнің ең үздік 250 университеті қатарына қосылды. Сонымен қатар Минск қаласында Беларуссия мен Қазақстанның жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы ғылыми-білім беру консорциумының қызметін үйлестіру жөніндегі жұмыс комиссиясының VI отырысында ҚазҰУ жоғары оқу орындарының жаңа даму тұғырнамасы – 4.0 университет үлгісін ұсынды.

Соңғы жылдары университет қабырғасында «идеядан оны коммерциялауға дейін» атты технологиялық дәліз құрылып, тиімді жұмыс жасалуда. 2017 жылы ҚазҰУ ғалымдары мен қызметкелері 21 оң шешім алып, 90 патентке ие болды. Оның үшеуі АҚШ мемлекеті тарапынан берілді. Университет ғалымдары мен қызметкерлері 600 жобаны жүзеге асырып, 172 халықаралық қорлар мен ұйымдардың гранттарына ие болды. Сонымен қатар Thomson Reuters және Scopus мәліметтер базасына кіретін ғылыми басылымдарында шыққан әрбір бесінші мақала ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі, әрі Хирша индексінің 2017 жылы жалпы саны 661 құрады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде осы өткен кезеңде кешенді құрылымдық жаңғырту жүргізіліп, нәтижеге бағытталған менеджменттік басқару процесі және жетістікті рейтингтік бағалау жүйелері енгізілді.

Қазақстанда алғаш рет университет базасы негізінде халықаралық UNIFORM студенттік жобасын жүзеге асыру аясында Токио университетімен бірге «Әл-Фараби-1» және «Әл-Фараби-2» ғылыми-технологиялық наноспутниктер жасалды. Сондай-ақ, «Индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы–2» (ИИДМБ-2) бойынша кадрлар даярлануда.

Университетте «Hewlett-Packard», «Samsung», «Cisco», «Konikca minolta», «Microsoft», «Alcatel» компанияларының оқу және ғылыми-зерттеу орталықтары құрылып жұмыс істеуде. Студенттік бизнес-инкубатор, Start-up және Spin-off компаниялар жұмысы жолға қойылған. Халықаралық ынтымақтастық, академиялық ұтқырлық, әлеуметтік серіктестік саласында да университеттің даму қарқыны жоғары. Жұмыс берушілер арасында ҚазҰУ түлектеріне сұраныс көп.

Баяндаманы тыңдаған ғалым ақсақалдар университет жұмысына оң баға бере отырып, гуманитарлық ғылым өкілдерін ірі жобаларға тартып, ғылымға қажетті сүбелі ғылыми еңбектің дүниеге келуіне жағдай жасаудың қажеттігін және археология мен этнография саласына арналған оқулықтарды шығару туралы мәселе көтерді. Ақсақалдар кеңесінің төрағасы ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Жоғарғы мектеп академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Сұлтан Сартаев жиын соңында университеттің барлық профессорлары мен ұстаздарын жаңа 2018 жылмен құттықтап, шығармашылық табыс пен денсаулық тіледі. ТМД елдері арасындағы үздік университеттің одан ары өрлеп, жоғары рейтингтерге бағытталған санқырлы қызметіне сәттілік тіледі.

**Баспасөз қызметі**

# 2017 ГОД: ЯРКИЕ МГНОВЕНИЯ КАЗНУ

**Приближается Новый 2018 год. По традиции, подводя итоги и с благодарностью провожая уходящий год, мы вспоминаем его светлые и приятные мгновения, успехи и достижения. Он запомнился нам годом знаковых событий и ярких впечатлений, неразрывно связанных с дальнейшим продвижением Казахского Национального университета имени аль-Фараби, как вуза мирового уровня на основе реализации модели «al-Farabi University Smart City».**

**Январь**

На площади Аль-Фараби состоялась церемонии зарождения Огня 28-ой Всемирной зимней Универсиады-2017. Чести нести факел Универсиады в Алматы первыми удостоились представители КазНУ. Среди них ректор академик Галым Мутанов, гордость Казахстана и университета пловец Дмитрий Баландин, чемпион мира по қазақ күресі Гусман Кыргызбаев и волейболистка Сабина Алтынбекова. Факел универсиады зажгла выпускница КазНУ Айсулу Ерниязова.



В университете открылся Центр информационной безопасности всемирно известной компании «Лаборатория Касперского».




**Февраль**

В Высшей школе общественного здравоохранения открылась кафедра нутрициологии (науки о питании).

Генеральный прокурор Республики Казахстан, выпускник КазНУ Жакип Асанов встретился с преподавателями и студентами университета.

Делегация старейшего вуза Турции и Европы – Стамбульского университета посетила КазНУ с целью обсуждения сотрудничества в области журналистики, физики, химии, биологии, математики и медицины.

*Продолжение на 4,5 стр.*

РЕКТОРАТ

# ЖЕТІСТІК КІЛТІ

**Кезекті ректорат мәжілісі жыл сайынғы ОПҚ, факультет және кафедра деңгейіндегі индикативтік жоспарды талқылау тақырыбынан басталды.**



Мінбеге шыққан оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметов индикативтік көрсеткіштердің жаңартылған нұсқасы және оның биылғы жылғы көрсеткіштері мен факультеттерде индикативтік жоспарды орындау барысында орын алған негізгі мәселелерге тоқталды. Оның айтуынша, биылғы жылғы жоспарда бірқатар өзгерістер бар, оның ішінде оқу-әдістемелік жұмыс, халықаралық ғылыми және білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттары бойынша кейбір тараулар біріктірілгенін айтты. Жоспарға сәйкес оқыту үдерісі мен оқыту сапасын бақылау мақсатында барлық сабақтардың жоспарланған кестеге сай өтуіне назар аударған проректор ағылшын тілінде оқытылатын пәндер саны және басқа бағыттардың пайыздық көрсеткіштерін атап өтті.

Жиын аясында ғылыми-инновациялық қызмет және әлеуметтік даму жөніндегі басшылар индикативтік жоспардың бағыттары мен тарауы бойынша әр факультет рейтингісін көрсетіп, факультет декандары мен кафедра меңгерушілеріне пайызы төмен бағыттарға мән беруді тапсырды.

Сондай-ақ мәжіліс барысында халықаралық ғылыми және білім беру жобалары мен бағдарламаларды қаржыландыру көлемі, қосдипломды бағдарлама бойынша білім алушылар, шетелдік мамандарды шақыру, халықаралық ынтымақтастық туралы келісімдер саны мен осы сынды өзге де бағыттардың пайыздық көрсеткіштері кеңінен талқыға түсті.

Жиында халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Айжан Смаилованың студенттік маркетинг және рекрутинг орталығын құру туралы хабарламасы тыңдалды. Бүгінде орталықтың құрылымы айқындалып, шетелдік студенттерді тарту мен тағылымдамадан өтушілердің дайындығын дамыту қажеттігін алға тартқан директор: «Орталықтың негізгі қызметі – қазақстандық және шетелдік студенттерді тартуда оның стратегиясын құру мен білім беру нарығын толық зерттеуге арналады», – деді. Ол: «ҚазҰУ шетелдік университеттермен бірлескен көптеген бағдарламаларды жүзеге асыруда. Осы ретте студенттерге онлайн түрде кеңес беру, халықаралық көрмелер ұйымдастыру, шетелдік студенттерді оқуға қабылдау мен құжат рәсімдеуде онлайн режимге көшу керек», – деп атап айтты.

Сонымен қатар жиын барысында университет делегациясының Мәскеуге іс-сапары және ОПҚ-ны қаржылай ынталандыру жайлы баяндамалары тыңдалып, Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуына қосқан үлестері үшін ҚР БҒМ құрмет грамотасымен бірқатар ҚазҰУ қызметкерлері салтанатты түрде марапатталды.

**А. АҚЫНБАЕВА**

KAZNU.KZ

**В КазНУ состоялась встреча первого проректора Мухамбеткали Буркитбаева с делегацией Центрального-Южного университета национальностей (КНР, г. Ухань).**

Стороны обсудили вопросы сотрудничества в сфере образования, академического обмена студентами и преподавателями двух вузов.

КазНУ им. аль-Фараби в течение многих лет тесно сотрудничает с рядом вузов КНР, а также входит в Альянс университетов Нового шелкового пути. На базе Центра суперкомпьютерных и облачных вычислений КазНУ уже отработаны технические условия по формированию международного IT-технопарка Альянса университетов Нового Шелкового пути. В нынешнем году КазНУ открыл в Шанхайском университете иностранных языков кафедру казахского языка и литературы. Этот совместный проект с ШУИЯ был реализован при поддержке Посольства РК и Генерального консульства РК в г. Шанхай.

В ходе встречи делегация посетила музей КазНУ и ознакомилась с работой Института Конфуция.

***

**Халықаралық қатынастар факультетінің студенттері, конькимен жүгіру спортынан халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Федор Мезенцев пен Роман Креч төрт Олимпиада лицензиясын жеңіп алып, ең басты төртжылдық жарысқа қатысуға мүмкіндік алды.**

Пхенчан-2018 Олимпиада ойындарына жолдамалар тағдыры Канада мен Америкада өткен лицензиялық турнирлер сериясын аяқтайтын Әлем кубогы кезеңінде шешілді.

Жылдың қорытынды бастамасында біздің студент-спортшылар үздік нәтиже көрсетіп, сәтті өнер көрсетті.

Қазақстанның ең үздік қысқа қашықтыққа конькимен жүгіруші спортшысы Роман Креч 500 метр қашықтықта екі рет – 34.75 секунд бірдей нәтижені көрсетіп, лицензияны жеңіп алды.

Федор Мезенцев үш қашықтықта: 500, 1000 және 1500 метрде конькимен жүгіріп, әрбір қашықтық бойынша жеке рекорд орнатты. Әлем кубогының қорытындысы бойынша, Федор бірден үш Олимпиадалық лицензияны жеңіп алды.

***

**Механика-математика факультетінде физика математика ғылымдарының докторы, профессор Валентин Нидің 90 жылдығына арналған мерекелік кеш болып өтті.**

1952 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математка факультетін бітірген ғалым өз еңбек жолын осы білім ордасынан бастаған. 1965 жылы кандидаттық диссертация қорғап, әртүрлі лауазымды қызметте ұзақ жылдар қызмет атқарған.

Кеш барысында ғалымның әріптестері мен жора жолдастары ғалымның еңбек жолына тоқталып, ғылым мен білімге, шәкірттерді тәрбиелеуге қосқан сүбелі үлесін жан-жақты баяндады. Физика-математика ғылымының дамуында өлшеусіз еңбек еткен қайраткер – бүгінде әріптестерінің шын ықылас-ниетіне бөленген ғалым, ұлағатты ұстаз, көрнекті тұлға.

Шара аясында В.Х. Нидің 90 жылдық мерейтойына арналған «Математика» бойынша пәндік олимпиада жеңімпаздары марапатталып, кеш соңы студенттер тарапынан ұйымдастырылған концерттік бағдарламаға ұласты.

# Мощная вспышка Блазара

**11 декабря в зале заседаний физико-технического факультета состоялась презентация статьи, опубликованной в журнале «Nature», в соавторстве с казахстанским ученым, доцентом кафедры физики твердого тела и нелинейной физики Казахского национального университета им. аль-Фараби Куратовым Кенескеном Сакеновичем.**

Работа, посвящённая наблюдениям за самой яркой, из когда либо обнаруженных вспышек Блазара выполнена совместно с Астрофизическим институтом им. Фесенкова. Блазар – это активное ядро в центре галактики, связанная со сверхмассивной чёрной дырой, один из самых далеких объектов доступных для наблюдений во Вселенной. Оптические наблюдения проводились на Тянь-Шаньской высокогорной обсерватории при помощи 1.0 метрового телескопа производства Carl Zeiss. Наблюдаемый звездный источник CTA 102 расположен в созвездии Пегас и находится на расстоянии 7000 Мега парсек от Земли. Яркость Блазара в момент вспышки,



зафиксированная нашим соотечественником, возросла более чем в 250 раз. В наблюдениях участвовали 39 крупнейших телескопов в 28 обсерваториях из 25 стран мира.

**Кафедра физики твердого тела и нелинейной физики**

# Жемісті КЕЗДЕСУ

**Ректор Ғалым Мұтанов COMSATS делегациясы құрамымен кездесті.**



Кездесу барысында ректор 2017 жылдың 10-11 қыркүйегінде Астана қаласында өткен Ислам ынтымақтастық ұйымы саммиті аясында жарияланған Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасын орындау барысында жаңа технологияларды енгізу, ғылыми-зерттеу университеттерінің базасында құзыреттілік орталықтарын дамыту, «Сандық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру сынды шараларды өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Ғ.Мұтанов ақпаратты қорғау бойынша жұмыстардың және қазақстандық ғалымдарға ақпарат алмасуға арналған киберқауіпсіздікті арттыру үшін нано-технологияларды пайдалануға, озық зерттеулер жүргізуге, күрделі процестердің неғұрлым нақты модельдерін жасауға, эксперименттер нәтижесінде алынған көптеген деректер санына талдау жасауға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы ақпараттық технологиялармен жұмыс істеудің жаңа әдістерін зерттеу мен оқудың ерекшеліктеріне тоқталды. Әсіресе, суперкомпьютер және бұлтты есептеулер орталығын құру арқылы ҚазҰУ негізінде Жаңа Жібек жолы университеттер альянсі шеңберінде халықаралық IT-технопарктің қалыптасуы ерекше маңызды екенін тілге тиек етті.

Өз кезегінде Оңтүстікте тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатындағы ғылым мен технология бойынша комиссиясы (COMSATS) директорының аға көмекшісі Фархан Ансари және Ішкі исламдық ақпараттық технологиялар желісімен (INIT) ҒЗТКЖ бойынша директораттың аға қызметкері Мухаммад Атик-ур-Рахман семинарды ұйымдастырғандары үшін алғыс білдіріп, ҚазҰУ-дың келесі жылы сәуір айында COMSATS үйлестіру кеңесін өткізу бойынша жоспарланған іс-шараларды талқыға салды.

**БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**

**ҚазҰУ делегациясы Шанхай және Пекин қалаларында өткен «Қазақстан ЖОО-ларының білім көрмесі» атты халықаралық шараға қатысып қайтты**

# УНИВЕРСИТЕТ 4.0
# НОВАЯ ЭРА В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ



**В Москве (РФ) состоялось торжественное собрание и международная научно-практическая конференция ««XXII академические чтения «Реформирование образования: каким оно должно быть»», посвященные 25-летию со дня основания Международной академии наук Высшей школы (МАН ВШ). В мероприятии приняли участие и выступили с докладами ученые Национальной академии наук Высшей школы Казахстана (НАН ВШК).**

Особенный интерес и живой отклик со стороны участников вызвало выступление президента НАН ВШК, ректора КазНУ им. аль-Фараби, академика Галыма Мутанова, который представил модель развития вуза – университет 4.0. Миссия университета нового поколения – донести до молодежи идеи мира, добра и справедливости, активной гражданской позиции, прозвучавшая рефреном в концепции Г.Мутанова была встречена с неподдельным интересом.

Новая модель университета особенно актуальна в условиях глобализации и стремительного развития новых технологий. Важной задачей вузов является не только подготовка высококвалифицированных и конкурентоспособных кадров, но и духовное формирование молодежи как граждан страны и мира. Главным камертоном в этой работе является программная статья Президента Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

«Не признаю я и технического прогресса, если он превосходит процесс нравственный...», - процитировал известного ученного-испытателя К.Э. Циолковского ректор КазНУ в своем докладе. – «Уверен, что если каждый вуз, осознавая свою главную миссию, станет «умным университетом» и локомотивом прогрессивных экономических, социальных и культурных преобразований в обществе, то задача сделать мир более добродетельным будет реализована».

Великий мыслитель Востока Абу Наср аль-Фараби, имя которого носит КазНУ говорил, что знания без воспитания, без нравственного начала способны принести вред, а не пользу. Как подчеркнул ректор - именно осознание этой истины подвигло его на выработку новой модели развития университета.

По мнению президента МАН ВШ, крупный ученый, концептуалист высшей школы В.Е. Шукшунов выступление Галыма Мутанова стало «выдающимся событием, философско-практического направления, определяющего развитие высшей школы в современном мире».

Ученые единодушно выразили мысль о том, что на университеты возложена высокая общественно-значимая миссия – повышать образованность нации, ее интеллектуальный, культурный, нравственный потенциал, формировать новые духовные ценности и воспитание молодого поколения.

**Пресс-служба**

# КАЗНУ – СКОЛКОВО:
# СОТРУДНИЧЕСТВО В HI TECH

**Казахстанская делегация во главе с ректором КазНУ им. аль-Фараби академиком Галымом Мутановым посетила инновационные структуры «Сколково». Главным результатом визита стала договоренность о совместном развитии инноваций, науки и высоких технологий.**

Делегация встретилась с руководителями фонда «Сколково» и департамента регионального развития, генеральным директором технопарка и его резидентами. В ходе встречи были обсуждены вопросы развития двустороннего сотрудничества и реализации совместных инновационных проектов.

Особый интерес у российских коллег вызвал проект создания в КазНУ инновационного и медико-биологического кластеров, а также IT-технопарка Альянса университетов Нового Шелкового пути, ядром которого станет суперкомпьютер получаемый по гранту правительства Китая. Представители «Сколково» выразили готовность совместно работать по таким приоритетным направлениям как: энергоэффективность и энергосбережение, ядерные и космические технологии, телекоммуникации и биомедицина, IT технологии и программное обеспечение.

Стороны также выразили готовность использовать накопленный опыт в коммерциализации совместных разработок и внедрении их в реальный сектор экономики двух стран. В ходе визита в Сколковский институт науки и технологии, созданного при участии и партнерстве Массачусетского технологического института (США) были обсуждены вопросы подготовки высококвалифицированных специалистов, нового поколения исследователей и предпринимателей.

«Сколково» включает в себя инновационный центр, специальный фонд, институт науки и технологии («Сколтех»), около 2 тыс. резидентов, осуществляющих научно-исследовательскую и предпринимательскую деятельность с общим уровнем коммерциализации более 124 млрд. рублей.

**Соб. корр**




# МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ

***Жуырда Жас ғалымдар үйінде ҚР Тәуелсіздігіне орай мерекелік іс-шара өтті. Шара студенттердің ұлтаралық қарым-қатынасын нығайту және өз елдерінің мәдениетімен таныстыруға арналды. Бүгінде бұл кешенде ҚазҰУ-дың магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алатын 20-дан астам ұлт өкілдері тұрып келеді.***



Мерекелік шараны ЖҒҰ директоры Сәуле Шамшина ашып, құттықтау сөз сөйледі.

Шараның бір ерекшелігі – шетелдік студенттер өз ұлттық тағамдарын пісіріп, сол ортада дәмнен бөлісті. Ал қазақстандық студенттер болса, қазақтың ұлттық тағамдарын ұсынды.

Мерекеге болашақ жас ғалымдар белсенді қатысты. Қытайдан келген Се Вэйнин ұлы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін әдемі нақышта айтып, көпшіліктің ризашылығына ие болды. Сондай-ақ Қытай, Моңғолия, Испания, Жапония, Германия, Швеция және Түркиядан келген жас ғалымдар мерекелік лебіздерімен бөлісті.

Қазақстандық Аяулым Шағатаева мен Ерасыл Жолдастың гитарамен салған әсем әні келген қонақтардың көңілін көтеріп, әдемі әсер сыйлады.

Жас ғалымдар үйінде өткен мерекелік шара көпшіліктің көңілінен шықты. Тәуелсіздік күніне шағын тарту болған кешті ұйымдастыруға Жас ғалымдар үйі және Студенттер кеңесінің мүшелері мұрындық болды.

**Амантұр УМАРОВ**

# Жаңажылдық кітап шыршасы

**Көптен бері қалыптасқан дәстүр бойынша елімізде Жаңа жыл мерекесі екі рет тойланып келеді. Біріншісі – бүкіл түркі, парсы халықтарына ортақ, табиғаттың жаңаруымен байланысты жаңа күн, жаңа жыл басы – Наурыз мерекесі болса, екіншісі – ресми күнтізбе бойынша жаңа жылдың басы, яғни жаңа жылдың басталуына байланысты.**



Қысқы жаңажылдық мерекені жасыл шыршасыз елестету мүмкін емес. Шырша безендіру тарихына үңілсек, Жаңа жылды әшекейлі шыршамен қарсы алу дәстүрін Ресейде 1700 жылы қаңтардың 1-інде I Петрдің енгізгені, дәл осы жылы Ресейде жаңаша жыл санау басталғаны тарихта жазылғанын білеміз. Сонымен қатар, кейбір этнограф-тарихшылар қыпшақтардың да шырша мерекесі болғанын, Жаңа жылдың – көшпелілердің де байырғы мейрамы екенін жазады. Мысалы, Мұрат Әджінің «Қыпшақтар» атты кітабында шыршалар мерекесін 25 желтоқсанда, Күннің Түнді «жеңген» кезінен бастап, түркілер Күннің қайта оралғанына қуанып, Үлкенге (Ульген) алғыстарын жаудырыпты, оған тәу етіпті. Дұғаларымыз Тәңірінің құлағына шалынса деген үміт-арманмен Үлкеннің сүйікті ағашы – шыршаны үйлеріне әкеліпті. Бұтақтарына неше түрлі әсем шүберектер байлапты. Яғни, шырша мерекесінің I Петр патшадан да әріде болғанын баяндап, ол түркілер дәуірінде сол халықта тойланған деп дәлелдейді.



Қзіргі заманға оралсақ, Жаңа жыл қарсаңында әдемі безендірілген шыршалар үй ішінде, сауда орталықтарында, көшелерде, кеңселерде, мекемелерде құрылады. Кейбір жерлерде ғимарат жанында өсіп тұрған шыршалар безендіріледі, кей жерлерде – заманауи материалдардан жасалған жасанды шыршалар. Ал Әл-Фараби атындағы кітапхана биыл екінші рет кітаптан жасалған шыршаны құрып қойды. Ұзындығы 2 метрге жуық шырша мен сәнді диванды құру үшін кітапхана қызметкерлері 1000-ға жуық есептен шығарылған кітаптарды пайдаланды. Кітапхананың кіре беріс фойесінде орналастырылған басқаларға ұқсамайтын ерекше шыршамыз Жаңа жыл қарсаңында кітапхана оқырмандарына, қонақтарға мерекелік жақсы көңіл-күй сыйлайды деген сенімдеміз.

**Құндыз КӨБЕГЕНОВА,**
*кітапхана қызметкері*

***Проректор КазНУ по научно-инновационной деятельности Тлеккабул Рамазанов награжден орденом «Парасат»***

# 2017 ГОД: ЯРКИЕ

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

Состоялось подписание меморандума о сотрудничестве с Научно-исследовательским центром «Kashi» Института дистанционного зондирования и цифровой Земли Китайской Академии Наук в сфере космических исследований и развития наукоемких технологий.

Microsoft

**Март**

По приглашению всемирно известной компании «Microsoft» делегация КазНУ единственная из вузов стран СНГ приняла участие для презентации проекта «Электронный кампус» на Глобальном саммите высших учебных заведений - «Campus Connection-2017».



Следуя доброй традиции, в честь Международного женского дня - 8 Марта, мужчины подарили праздничный концерт прекрасной половине университета.

В этом месяце Председатель Центрального банка Государства Катар шейх Абдолла бен Сауда Аль-Тани выступил с лекцией.

Ведущее европейское аккредитационное агентство FIBAA подтвердило высокое качество образовательных программ Высшей школы экономики и бизнеса, факультетов юриспруденции, географии и природопользования, международных отношений, философии и политологии.

**Апрель**

В апреле стартовали IV Международные фарабиевские чтения, в которых приняли участие ученые из США, Турции, Франции, Великобритании, Ирана, стран СНГ, а также представители международных организаций ООН, ТЮРКСОЙ, ЭСКАТО, ОБСЕ.

В рамках первого антикоррупционного студенческого форума студенты КазНУ дали старт движению «Молодежь за вузы вне коррупции» и передали антикоррупционную эстафету 38 вузам города Алматы.

Состоялось открытие центра информационных технологий и телекоммуникаций «Huawei», соглашение о стратегическом партнерстве и сотрудничестве скрепили подписью ректор Галым Мутанов и генеральный директор компании «Huawei Technologies Kazakhstan» Хоу Тао.






КазНУ присоединился к реализации проекта «Орхунский процесс». Соглашение об участии в масштабной программе были подписано представителями 16 вузов Азербайджана, Казахстана, Кыргызстана и Турции на заседании Совета тюркских университетов в Бишкеке.

С международным размахом прошло празднование Наурыз-мейрамы. В нем, наряду с профессорско-преподавательским составом и студенческой молодежью университета, приняли участие представители дипломатических миссий Испании, Франции, ФРГ, Кореи, Китая, США, Турции, Ирана, Индии и других стран, а также представители международных организаций и ведущих зарубежных вузов.

**Май 2017**

В преддверии Дня Защитника Отечества и Дня Победы в университете прошло чествование участников Великой Отечественной Войны, ветеранов трудового фронта и воинов-интернационалистов.

Состоялась ежегодная Ярмарка вакансий, в которой приняли участие более 100 компаний и предприятий, в том числе возглавляемые выпускниками КазНУ.



Верховный представитель Альянса Цивилизаций ООН Насир Абдулазиз Аль-Насер и ректор Галым Мутанов подписали меморандум о сотрудничестве, в рамках которого реализуется проект «Формирование граждан добродетельного общества». Господин аль-Насер отметил, что КазНУ им. аль-Фараби, возглавляющий Глобальный Хаб ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию, эффективно выполняет миссию, возложенную на нее Организацией Объединенных Наций.

**Июнь 2017**

По итогам исследования агентства «World University Rankings QS», КазНУ в мировом рейтинге уверенно сохранил свои позиции в топ-250 лучших университетов мира, заняв 236 место. Только два вуза из стран СНГ вошли в эту группу – МГУ и КазНУ.



В преддверии события мирового масштаба «ЭКСПО 2017» в КазНУ был открыт центр «Зеленых технологий», ставший реальной площадкой внедрения инновационных проектов по «зеленой энергетике». Всего ученые университета представили на «ЭКСПО-2017» более 50-ти проектов и научных разработок.

На первом республиканском конкурсе «Молодежь за G-Global» студенческий штаб КазНУ занял первое место и был признан лучшим среди вузов Казахстана.

**Июль 2017**

Университет посетил заместитель председателя Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции Алик Шпекбаев, который дал высокую оценку развитию вуза и реализации проекта «Университет вне коррупции». По рекомендации Агентства успешный опыт антикоррупционной политики КазНУ сегодня транслируется во все вузы Казахстана.




**ҚазҰУ-да «Қоғамдық сананы жаңғырту аясында ҚР-дағы жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті**

# МГНОВЕНИЯ КАЗНУ

На базе университета состоялись международная летняя школа, молодежный форум и Координационное совещание Исполнительного комитета Альянса университетов нового Шелкового Пути, в которых приняли участие студенты и представители вузов Великобритании, России, Египта, Гонконга, Китая и Турции.

**Август 2017**

В августе студенты военной кафедры, обучающиеся по программам подготовки офицеров запаса, приняли военную присягу. Впервые военная кафедра выпустила 44 девушек-связистов.





Студенты КазНУ на двадцать девятой Летней Универсиаде в Тайбэе (Тайвань) принесли в копилку сборной Казахстана четыре медали. Тяжелоатлет, студент второго курса Денис Уланов, завоевал золотую медаль в весовой категории до 85 кг. Серебряную и бронзовую медали в плавании принес Дмитрий Баландин, также серебряным призером игр в прыжках с шестом стал Сергей Григорьев.

**Сентябрь 2017**

КазНУ стал абсолютным лидером среди вузов страны по количеству полученных грантов на обучение – это более шести тысяч мест в бакалавриате, магистратуре и докторантуре. Свыше четырех с половиной тысяч лучших выпускников школ получили гранты, значительная часть из них обладатели знака «Алтын белгі», победители международных и республиканских олимпиад. За всю историю казахстанского высшего образования такого успеха не добивался ни один вуз. Это свидетельствует о высоком доверии в обществе к КазНУ и является результатом большого и кропотливого труда коллектива.

Генеральный директор Исламской организации по вопросам образования, науки и культуры ИСЕСКО Аль Туэйджри вручил Галыму Мутанову золотую медаль и Международную премию за выдающийся вклад в области математического моделирования и управления технических и социально-экономических систем.

В этом месяце состоялся «круглый стол» «Эффективность уголовного судопроизводства – приоритетное направление развития современной правоохранительной системы» с участием Председателя Верховного Суда, Президента Ассоциации выпускников КазНУ Кайрата Мами. Решением Ученого совета он был удостоен высокой награды, учрежденной университетом – медалью «Аса көрнекті түлек».

Руководители КазНУ и Шанхайского университета иностранных языков подписали меморандум о сотрудничестве, в китайском вузе открыта кафедра казахского языка и литературы.

**Октябрь** 2017

Традиционно в университете прошло торжественное посвящение первокурсников в студенты.

Springer Nature Awards удостоило КазНУ высокого звания «Самая публикуемая организация» стран Центральной Азии.

КазНУ в очередной раз подтвердил свою высокую конкурентоспособность и вошел в рейтинге QS в топ-10 лучших вузов развивающихся стран Европы и Центральной Азии, а также стал первым вузом в Центральной Азии по трудоустройству выпускников.

Наш университет посетил Чрезвычайный и Полномочный посол Франции в Казахстане Филипп Мартинэ. Французская сторона намерена открыть в Казахстане на базе КазНУ математический центр.

Известное издательство Великобритании «Glagoslav Publication» выпустило в свет сборник стихов Галыма Мутанова на английском языке «Shining light» («Сияющий свет»), который получил широкий отклик литературных деятелей разных стран. А крупнейшая в мире американская компания «Amazon.com» разместила сборник на своем интернет-ресурсе.

**Ноябрь 2017**

Делегация университета посетила город Троицк Челябинской области Российской Федерации. Именно здесь с 1911 по 1915 годы печатался первый казахский журнал «Айкап», редактором которого был Мухамеджан Сералин. Сегодня журнал «Айкап» получил новое дыхание и выпускается в КазНУ.

На XIV Форуме межрегионального сотрудничества России и Казахстана с участием Глав государств, который прошел в



Челябинске, ректорами КазНУ и Уральского федерального университета имени первого Президента России была подписана Декларация о создании международного научно-образовательного консорциума «Зеленый мост через поколения».

Студенты университета провели масштабный флэш-моб «Адал бол» в канун Чистой сессии. Видео этого мероприятия вызвало широкий общественный резонанс во время презентации антикоррупционного опыта Казахстана в Соединенных Штатах Америки.

В ноябре Канцлер Университета Малайзии Перлис, наследный принц Малайзии Туанку Саид Файзуддин посетил КазНУ. В ходе встречи был подписан меморандум о сотрудничестве, в том числе в области исламского банкинга и финансов.

Грандиозно и масштабно прошел пятый Республиканский патриотический форум студентов «Мен жастарға сенемін!», посвященный Дню Первого Президента Республики Казахстан, который собрал участников из 53 вузов Казахстана.

